

ФТАР 17.82.10

Ғылыми мақала

Ә.К. Пертаева*Ш. Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті,**Тараз қ., Қазақстан**(E-mail: auditor.59@mail.ru)***Дулат пен Абай шығармаларындағы әдеби көркемдеу
құралдарының сабақтастығы**

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері – Дулат Бабатайұлы мен Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы әдеби көркемдеу құралдарының қолданылу ерекшеліктері мен арасындағы сабақтастық талданады. Екі ақынның да туындылары терең мазмұнымен, ұлттық болмыс пен заман шындығын бейнелеудегі көркемдік шеберлігімен ерекшеленеді. Зерттеу барысында олардың қолданған троптары мен фигуралары – эпитет, метафора, теңеу, гипербола, риторикалық сұрақ, ирония сынды көркемдік тәсілдер сараланып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалады. Сондай-ақ, Дулат поэзиясындағы дәстүрлі көркемдік үрдістердің Абай шығармашылығында қалай дамып, жаңаша сипат алғаны да назарға алынады. Жұмыс нәтижесінде қазақ поэзиясындағы көркемдік эволюция мен әдеби сабақтастықтың маңызды қырлары ашылады.

Түйін сөздер: эпитет, метафора, теңеу, гипербола, риторикалық сұрақ, ирония, көркемдік тәсілдер, әдеби сабақтастық

DOI: <https://doi.org/10.71078/8zay8805>

Түсті: 30.10.2025; Мақұлданды: 14.12.2025; Онлайн қолжетімді: 25.12.2025.

Кіріспе

Дулат пен Абай поэзиясы – көркемдік, ақындық мәдениетімен, саф, таза тілімен, суреткерлік шеберлігімен өзгешеленеді. Қазақ поэзиясының көркемдік негіздері мен дәстүрлі арналарын байытқан, қазақ әдебиетіндегі тұлғалы ақындар Дулат пен Абай шығармашылығы қазақ халқының эстетикалық мәдениетін дамытып, қалыптастыруға кең жол салды. Дулат пен Абай өз шығармаларында өз ойларын тыңдаушысына бедерлі, әсерлі етіп берудің сан алуан тәсілдерін шеберлікпен пайдаланды. Поэтикалық тіл кесте, бейнелік үлгілер, ырғақтық-интонациялық құбылыстар Дулат пен Абай туындыларында айрықша орын алады. Әсіресе, екі ақынның да ақындыққа қатал талап қоюы, ақындық өнер, сөз құдіреті туралы терең тебіренуі оқырманға эстетикалық әсер береді.

Зерттеу әдістемесі

Ғылыми мақалада Дулат пен Абай шығармашылығындағы көркемдеу құралдарының қолданылуын айқындау үшін салыстырмалы-тарихи әдіс, салыстырмалы-типологиялық әдіс, лингвопоэтикалық, семантикалық әдістері қолданылды. Көркемдегіш амал-тәсілдерді талдау барысында жинақтау, саралау, сипаттау, жүйелеу кезеңдерінен өтіп, айқындалды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Дулат:

Жыршының аты жыршы ма,
Өркімнен өлең жаттаса?
Сөз – жібек жіп, жыр – кесте,
Айшығы айқын көрінбес
Өрнексіз қылып баптаса (Бабатайұлы, 1991) – десе, Абай:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы.
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп
Теп- тегіс жұмыр келсін айналасы (Құнанбайұлы, 2002) – дейді.

Дулат пен Абай өлеңдерінен тілдік, көркемдеу амал-тәсілдерін (эпитет, теңеу, метафора, метонимия) көптеп кездестіреміз. Көркем сурет пен кестелі сөз, бедерлі өлең орамдары Дулат пен Абай поэзиясының ажарын аша түседі. «Поэзиялық шығармада жеке сөз тіркесінен сөз тіркесін, бейнелі сөздерді тұтас суреттеп, жүйелі ой желісінен бөліп алу қиынға соғатыны» (Ахметов, 2000) – Дулат пен Абай өлеңдерін оқығанда да аңғарылады. Дулат пен Абай өлеңдерінде эпитет көп қолданылады. Ғалым Қ. Жұмалиевтың 1960 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» атты еңбегінде эпитеттің бірнеше түрі берілген:

1. Сын есім арқылы жасалған эпитет;
 2. Көсемше және өткен шақтық есімше арқылы жасалған эпитет;
 3. Тұрақты эпитет.
- Эпитеттің мұндай түрлері Дулат пен Абай шығармаларында көп кездеседі.

1. Сын есім арқылы жасалған эпитет:

Өз әкеңді айтайын,
Қара тіл, ділмәр Ақтайлақ.
Топқа жалғыз сөйлеген,
Асыл сөзді тақтайлап (Бабатайұлы, 1991).

2. Көсемше арқылы жасалған эпитет:

Ақ пейіл шалдар аңқылдап,
Ақ көңілдер жарқылдап,
Бойжеткенің бұралып,
Таналары жалтылдап (Бабатайұлы, 1991) немесе:

Қайраумен тілің мұқалып,
Қалың өңің жұқарып
Үйіңнің іші қоқырап,
Өмірден көңілің тоқырап,
Белдеу жаудан жаман жоқ (Бабатайұлы, 1991).

3. Тұрақты эпитет:

Дуан салып ішінен,
Айырып қуат күшінен.
Ақ патша десе үрпін,
Оянып шошып түсінен,
Аға сұлтан қазының,
Ел сілкінді ісінен (Бабатайұлы, 1991).

Дулат эпитеттерді образ жасау үшін мінездеу мен сипаттауда орнын тауып қолданады: тұманың тұнық суы, парақор баспақ би, тентек төлеңгіт, сырға берік

сырбазым, келелі би, ел қамын жегенер, қазан бұзар үй, мекер би, қайырсыз бай, су жұқпас шешен және т.б. Дулаттағы бейнелі сөздер ішкі және сыртқы мазмұны жағынан өлең бедерін айқындап, суреткердің айтайын деген ойын анықтай түссе, Абай өлеңдеріндегі кез келген образ, сурет, ой, айқындауларсыз жасалмағандай әсер қалдырады. Мәселен, бір ғана жүрек сөзі бірнешемен айқындаулар арқылы әртүрлі жағдайдағы ақынның сезім сырын, жан толғанысын бейнелеген. Абай: «Жаралы жүрек», («Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол»), «шын жүрек – бір жүрек», «асау жүрек алқынар» («Кейде есер көңіл құрғырың»), «ет жүрек өртенді» («Сен мені не етесің»), «сорлы жүрек мұнша ауыр» («Жүрегім, ойбай, соқпа енді»), «жау жүрек жомарт құбылмай» («Оспанға»), «айнымас жүрек, күлкің бал» («Әбдірахман өліміне»), «ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» («Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа») және т.б. Біз бұл мысалдарда түрлі айқындау мен (эпитет) бейнеленген жүрек сөзіне тоқталып отырмыз. Демек, Абайдың эпитет сөздері өлең контекстінде қолданыстағы қалпымен ақынның өлең, өнер төңірегіндегі эстетикалық талабына толығынан жауап бере алады.

Сонымен, сөздердің реңін кіргізіп, ажарлап, көркемдік жасап, үйлесімге келтірудің бірнеше түрлері, тәсілдері бар. Оған, ең алдымен, көркем шығармада қолданылатын көркемдегіш құралдардың бірі – теңеуге тоқталайық.

Бір нәрсені екінші нәрсемен салыстырып теңеу, сол арқылы құбылыстың ажарын ашу әдісі де Дулат пен Абай поэзиясына тән. Теңеулердің көпшілігі зат есім, есімше, етістікке жалғанған -ған (-ген), -тай (-тей), -дай (-дей), -ша (-ше), -дайын (-дейін) жұрнақтары арқылы жасалатынын ескерсек, Дулат пен Абай жырларында мұның мысалдары жеткілікті.

Дулат:

*Сумаң қағып сүйріктей,
Шалқып шапқан жүйріктей,
Екіге бөліп ерке су,
Қас пенен көздің арасын!*

*Екпіні желдей есілген,
Төрт аяғы көсілген,
Ажалдың құрған шебінен,
Аса алмайды шегінен,
Қыр тағысы құлан да.
Қолбала құс секілді,
Биялайға қарайсың.
Не тұлғама тұтқа боп,
Не керекке жарайсың (Бабатайұлы, 1991).*

“Өлеңнің эстетикалық құнын оның көркемдігі көрсетеді. Ал көркемдік әр алуан амалмен жүзеге асады. Көркемдік, әрине, тек сыртқы әсемдік емес. Сыртқы әсемдік деп тұрғанымыз образды сөздердің эпитеттер мен метафоралардың, ұтымды теңеулердің, арнаулы поэтизмдердің қолданылуы. Әрине, өлең көркемдігі үшін олардың болуы – басты шарт” (Сыздықова, 1995) деген Р. Сыздықова пікіріне сүйенсек, Дулат өзі қолданған теңеулері арқылы көркем образ жасап, кестелі сөзбен келісті сурет салса, Абайда -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтарының есімше формалы етістікке жалғанған түріндегі теңеулер күрделі, ұлттық сипатты болып келіп, өзінің жасап отырған бейнесін үнемі іс-қимыл, әрекет, қозғалыстың үстінде көрсетеді. Мәселен, Абай:

*Бір жерде бірге жүрсең басын қосып,
Біріңнің – бірің сөйле сөзің тосып.
Біріңді- бірің гиззәт, құрмет етіс,*

Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

*Аяңы тымақты ашы кигізгендей,
Кісіні бұлбұл қағып жүргізгендей,
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Біза қылдың қолыма бір тигізбей.*

Құйрықты жұлдыз секілді,

Туды да көп тұрмады, (Құнанбайұлы, 2002) – деп өздері қолданған теңеулері арқылы көркем образ жасап, кестелі сөзбен келісті сурет салады.

Дулат пен Абай шығармаларынан сөзді көркемдеу үшін ауыстыру мағынасында қолданылатын троптардың түрлерін де көптеп ұшырастыруға болады. Троп түрлерінің ішінен Дулат пен Абай поэзиясында көп кездесетіні – метафора.

Дулат ақынның:

*Күнәм жойқын, тәубем аз,
Тіршіліктен не таптым.
Дүние – жемтік, мен – төбет,
Соны бақпай, не бақтым?
Ырылдасып әркіммен,*

Не қапқыздым, не қаптым... (Бабатайұлы, 1991) – деген өлең жолдарындағы троптар мүлде тың. Дулат шығармаларының поэтикасына терең үңілген Р. Сыздықованың пікіріне сүйенсек, «Бұрын жалған дүние, алдамшы дүние, қайран дүние деп сипаттап келгенмен, дүниені жемтікке балау – қазақтың наным-сеніміне жат түсінік, ал ақынды сол жемтікті аңдыған төбетке теңеу тіпті шендестіруді «бастан асырып жіберу» болып көрінеді. Ойшыл ақын, парасат иесі – төбет бір де өзгелерге өзін қапқызады, бірде өзгелерді өзі қабады» (Сыздықова, 1992). Мұндай үлгі Дулат замандасы Мұрат ақында да кездеседі.

Мұрат:

*Дұшпан – тазы, біз – түлкі,
Қаишаң ерікке қоймайды* (Дәуітов, 1993).

Қарапайым халықтың еңсесін езген озбырларды тазы ұғымымен ауыстырып, ал қиналған елді амалы таусылған түлкіге балағаны ұтымды шыққан. Әншейінде, ақын жапа жеккен халықты түлкінің баламасы ретінде алса, түк те келіспес еді. Өйткені, түлкі – әу бастан қулықтың, айлакерліктің белгісі ретінде жұртшылықтың санасында жатталған. Бұл жерде оны түлкі емес, тазыдан қашып қиналған бейшара түлкі екендігіне назар аудару керек. Мұнда түлкі сөзі қандай мағынада алынып отырғаны тазы ұғымын қолданғанда ғана айқындала түседі.

Ауыстыруларды аң-құс бейнесінде алу – Абай шығармашылығында айқын көрінген поэзиямыздың ұлттық сипаттарының бірі. Бұндай ауыстырулар арқылы, әсіресе, махаббат сезімдері көбірек бейнеленгенін байқаймыз. Абай:

*Сіз – қырғауыл, жез қанат,
Біз – қырғауыл, сіз – түйғын* (Құнанбайұлы, 2002).

Сонымен қатар Дулат пен Абай шығармаларынан Қ. Жұмалиев жасалу жолдарына қарай бөлген метафоралардың барлық түрлерін табуға болады. Метафораның жай түрі де, жалғаулар арқылы жасалған метафора, көмекші етістік арқылы жалғанған түрі, күрделі метафора немесе метафораның ұлғайған түрі, метафораның «бейне бір», «тең» деген сөздердің көмегімен жасалған түрі Дулат пен Абай өлеңдеріне әр беріп, көркемдігін арттыра түседі.

Дулаттағы метафораның жай түрі:

*Сөз – жібек жіп, жыр – кесте,
Айшығы айқын көрінбес,
Өрнексіз қылып баттаса.*

Метафораның «бейне бір» деген сөздің көмегімен жасалған түрі:

*Тұсында сенің хан Барақ,
Азулы бейне ақ Барақ (Бабатайұлы, 1991).*

Абайдағы метафораның жай түрі:

*Сұлу аттың көркі – жал,
Адамзаттың көркі – мал,
Өмір сүрген кісіге,
Дәулет – қызық, бала – бал.*

Метафораның «бейне бір» деген сөздің көмегімен жасалған түрі:

*Жасөспірім, көк өрім,
Бейне қолдың саласы (Құнанбайұлы, 2002)*

Абай өлеңдеріндегі бейнелі сөздердің өздерінің қолданысына қарай бағыт-бағдары, орны бар. Мәселен, ауыстырулар (метафора) көпшілік жағдайда ақынның ойға, фәлсафаға құрылған өлеңдерінде жиі кездеседі. Бұндайда ақын әр нәрсенің өмір мен қоғамдағы орнын, мән-маңызын айтпақшы болады. Мәселен: «Сағаттың өзі ұры шықылдаған» («Сағаттың шықылдағы емес ермек»), «Адамзат бүгін – адам, ертең – топырақ» («Нұрлы аспанға тырмысып өскенсің сен»), «Тәңірі – қазы» («Сен мені не етесің»), «Жас уақытта көңіл гүл» («Білімдіден шыққан сөз»).

Абай философиялық мәселелерді табиғатпен байланыстырып, табиғат құбылыстарынан тудырып ауыстырулар (метафора) арқылы бейнелейді. Өлеңдегі табиғат құбылыстарының адам кейпінде келіп, адам өмірін сүріп жүруі Абайдың ауыстыруларды асқан шеберлікпен қолданғанын көрсетеді. Мәселен, «Қыс» өлеңіндегі қыс – кәрі құда, адам. Ақынның көктем күндерін «күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынышты» («Жазғытұры»), сол сияқты «қайғың – қыс, жүзің – жаз» («Көзімнің қарасы»), «біреуі – көк балдырған, бірі – қурай» («Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында») және т.б. Келтірілген мысалдардағы ауыстырулар махаббат мәселелеріне, көңіл-күй мотивтерін сүйіспеншілік сезімнің адам өміріндегі орны мен маңызын бейнелейді. Махаббатты тек сезім күйінде ғана емес, оның қоғамдағы орны мен өмірдегі мәнін, философиясын айтуда ауыстыруларды қолдану және олардың табиғат құбылыстарымен байланысты болып келуі өлең өнерімізге Абайдың әкеліп қосқан жаңалықты мазмұны болып табылады.

Дулат пен Абай өз шығармаларында тек өнер, білім, ғылым тақырыптарымен ғана шектелмейді, «еңбек» тақырыбы да ерекше орын алады. Әсіресе, Дулат ақын кәсіптік еңбек түрлерін айта келіп, халықты еңбек етуге бағыттайды. Қолға алып, жатпай-тұрмай кәсіп қылып, еңбек ету керек екенін айтады. Ертеден келе жатқан қазақ халқының айналысатын кәсіптерінің бірі – ағаш шеберлігі, темір ұсталығы жайында сөз қозғап, адал кәсіп күн көрістің жолы деп түсіндіреді:

*Ұста соққан темірден,
Өр түрлі аспап, сайман бар,
Темірсіз теңлік алмайды,
Керектісін сайлаңдар...
Ақтаруға жер қойнын,
Арнап соққан кетпен бар.*

Кетпен алып қолына,
Мұратына жеткен бар (Бабатайұлы, 1991).

Халық тәуелсіздігі үшін күресте қазақ халқының алауыз болмай, бірлік қажет екенін түсіндіреді. Дәлел ретінде, құмырсқаның тірлігін үлгі етеді.

Сендер түгіл құмырсқа,
Ісін қойып дұрысқа,
Илеуін сап жабылып,
Жемін тасып сабылып,
Бір орыннан табылып,
Біріне-бірі бағынып,

Береке, бірлік шақырып... (Бабатайұлы, 1991) – деген өлең жолдары көзімізді соған жеткізеді. Дулат «Тиянақтың түбі – игілік, тірлік түбі - бірлік», «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген идеяны уағыздайды. Дулат ақынның бұл ойын ұлы ағартушымыз, балалар әдебиетінің атасы – Б. Алтынсарин жалғастырады. Бұған дәлел, оның «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесі. Ыбырай да Дулат секілді кішкентай жәндіктердің тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргенін көрсете келіп, балаларға үлгі етеді.

Дулат өлеңдері секілді Абай өлеңдері де еңбек сүйгіштікке, адал еңбекке тәрбиелейтін зор идеялы шығармалар. Қоғамда өмір сүретін адам үшін «еңбектің» зор роль атқаратынын, еңбексіз өмірдің адамды аздыратынын баса айтады.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын.

немесе:

Егіннің ебін,
Сауданың тегін,
Үйреніп, ойлап мал ізде.
Адал бол, бай тап,
Адам бол, мал тап,
Қуансаң, қуан сол кезде
Біріңді қазақ, бірің дос
Көрмесең істің бәрі бос... (Құнанбайұлы, 2002).

Дулат пен Абай өлеңдерінде адамгершілік идеялары да бой көрсетеді. Дулат ақынның адамгершілік көзқарасын «Ақтан жасқа» арнаған шағын ғана өлеңінен көруге болады:

О, Ақтан жас, Ақтан жас,
Сен ер жетер ме екенсің?
Жетімдіктің белінен,
Асып өтер ме екенсің?
Жарық сәуле көре алмай,
Ел шаңына ере алмай,
Сол бойы кетер ме екенсің? (Бабатайұлы, 1991).

Дулат Ақтан туралы шығармада, жетім баланың бадана көз, тоғыз торы сауыт киіп, білтеліні тұтатып, оқ атып, жау қуғанын армандайды.

Бадана көз, тоғыз тор,
Сауыт киер ме екенсің?
Білтеліні тұтатып,

*Түтінін үзбей оқ атып,
Жау қашырар ма екенсің? (Бабатайұлы, 1991).*

Ұл боп туған жастың алға қойған мақсаты – ел бастап, жауға қарсы «оқ» ату деп жырлайды. Ақынның «Ақтан жасқа» арнаған өлеңінің әрбір жолынан әкелік мейірбандық пен қамқорлықтың, жақсылықтың жылы лебізі сезіліп тұрады.

*Жетімдіктен өтерсің,
Шаң бермей әлі кетерсің.
Қажыма, Ақтан, қажыма,
Жетерсің, әлі жетерсің! (Бабатайұлы, 1991).*

Дулат Ақтан жасқа айтқан ақылын үлкен үмітпен аяқтайды. Ақынның болашағының зор болатынына сенеді.

Ал, Абайдың адамгершілік, гуманизм идеялары оның достық туралы пікірлерімен тығыз байланысты.

*Досыңа, достық – қарыз іс,
Дұшпаныңа әділ бол.*

*Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп,
Және «Хақ, жолы осы» деп гаділетті...
Ойла, айттым, адамдық атын жойма! (Құнанбайұлы, 2002).*

Жалпы Дулат пен Абай бабамыздың өз халқын өнер-білімге шақыруы, зұлымдыққа, надандыққа қарсы шығуы, өмір шындығын дәл көрсете білуі, өсіп келе жатқан жас ұрпақты жақсылыққа, адамгершілік қасиетке тәрбиелеуі–шығармаларының халықтық жағы деп түсінеміз.

Қорытынды

Абай мен Дулат бастаған дәстүрдің заңды жалғасы. Абай өзінен бұрынғы ақындардың соның ішінде Дулаттың өлең құрылысы мен көркем тілін игере отырып, оны жаңа деңгейге көтерді. Дулат поэзиясындағы сыншылдық пен әлеуметтік шындықты бейнелеу Абайда терең философиялық әрі тәрбиелік бағытқа ұласты.

Әдеби көркемдеу құралдарының екеуінің шығармашылығында да ұқсас болып келуі – қазақ әдебиетіндегі әдеби сабақтастықтың жарқын көрінісі. Бұл сабақтастық – мазмұндық та, формалық та деңгейде айқын байқалады.

Дулат пен Абай – қазақ әдебиетінің қос шыңы. Олардың шығармаларында қолданылған әдеби көркемдеу құралдары – қазақ поэзиясының көркемдік деңгейін биікке көтерген маңызды тәсілдер. Эпитет, метафора, теңеу, гипербола, риторикалық сұрақ, ирония сияқты құралдар арқылы олар халықтың мұңын мұңдап, заманның ащы шындығын шынайы бейнеледі. Дулат пен Абай поэзиясындағы көркемдік құралдардың ұқсастығы – қазақ әдебиетіндегі көркемдік эволюция мен әдеби дәстүрдің сабақтастығын дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі

- Ахметов, З. (2000). *Өлең сөздің теориясы*. Алматы. Ғылым.
Бабатайұлы, Д. (1991). *Замана сазы: Өлеңдер мен дастандар*. Құраст. және баспаға әзірлеген Қ. Өмірәлиев. Алматы. Жазушы.
Дәуітов, С. (құраст.). (1993). *Зар заман: Жыр-толғаулар*. Алматы. Жалын.
Құнанбайұлы, А. (2002). *Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1: Өлеңдер мен*

аудармалар. Алматы. Жазушы.

Сыздықова, Р. (1992, желтоқсан 25). Дулатты танып болдық па? *Қазақ әдебиеті*.

Сыздықова, Р. (1995). *Абайдың сөз өрнегі (Монография)*. Алматы. Санат.

References

Akhmetov, Z. (2000). *The theory of poetic speech*. Almaty. Gylym.

Babataiyuly, D. (1991). *The tune of the age: Poems and epics* (K. Omiraliyev, Ed.). Almaty. Zhazushy.

Dauitov, S. (Ed.). (1993). *Zar zaman: Poems and reflections*. Almaty. Zhalyyn.

Kunanbaiuly, A. (2002). *Complete works in two volumes. Vol. 1: Poems and translations*. Almaty. Zhazushy.

Syzdykova, R. (1992, December 25). Have we truly understood Dulat? *Qazaq adebiyeti*.

Syzdykova, R. (1995). *Abai's art of expression (Monograph)*. Almaty. Sanat.

E.K. Pertayeva

*Sh. Murtaza International Taraz University,
Taraz, Kazakhstan.*

(E-mail: auditor.59mail.ru)

Continuity of Literary Artistic Devices in the Works of Dulat and Abai

Abstract. This article examines the features of the use of literary devices and the continuity between the works of prominent figures of Kazakh literature – Dulat Babatayuly and Abai Kunanbayuly. The works of both poets are distinguished by their depth of meaning and high artistic mastery in reflecting the national spirit and the realities of their time. The study analyzes the tropes and figures of speech they employed – epithets, metaphors, similes, hyperboles, rhetorical questions, and irony – identifying their similarities and differences. The article also explores how the traditional artistic techniques characteristic of Dulat's poetry evolved and acquired new significance in Abai's work. As a result, the research reveals important aspects of artistic evolution and literary continuity in Kazakh poetry.

Keywords: epithet, metaphor, simile, hyperbole, rhetorical question, irony literary devices, literary continuity

Э.К. Пертаева

*Международный Таразский университет имени Ш. Муртазы,
г. Тараз, Казахстан.*

(E-mail: auditor.59mail.ru)

Преемственность художественно-выразительных средств в произведениях Дулата и Абая

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности использования литературных изобразительных средств и преемственность между произведениями выдающихся представителей казахской литературы – Дулата Бабатайулы и Абая Кунанбайулы. Творчество обоих поэтов отличается глубиной содержания, высоким художественным мастерством в отражении национального духа и реалий своего времени. В ходе исследования анализируются используемые ими тропы и фигуры – эпитеты, метафоры, сравнения, гиперболы, риторические вопросы, ирония, выявляются

их сходства и различия. Также рассматривается, как традиционные художественные приёмы, присущие поэзии Дулата, получили развитие и новое звучание в творчестве Абая. В результате работы раскрываются важные аспекты художественной эволюции и литературной преемственности в казахской поэзии.

Ключевые слова: эпитет, метафора, сравнение, гипербола, риторический вопрос, ирония, художественные приёмы, литературная преемственность.

Автор туралы мәлімет:

Портаева Эльмира Кулибаевна – профессор ассистенті, филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2728-6649>

Information about authors:

Pertayeva Elmira Kulibayevna – assistant of professor, candidate of philological sciences, Sh. Murtaza International Taraz University, Taraz, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2728-6649>

Сведения об авторе:

Портаева Эльмира Кулибаевна – ассистент профессора, кандидат филологических наук, Международный Таразский университет имени Ш. Муртазы, г. Тараз, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2728-6649>



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License